

**"Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске
асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 274 қаулысы.

"Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығының 15-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Іс-қимыл жоспары) бекітілсін.

2. Іс-қимыл жоспарын орындауға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) оны іске асыру жөніндегі шаралар қабылдасын.

3. Ұлттық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу офисі скрам-кестені бекітуді және оны техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 29 сәуірдегі
№ 274 қаулысымен
бекітілді

**"Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске
асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.03.2023 № 236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с	Тапсырманың атауы	Орындау	Аяқтау	Түпкі нәтиже	Жауапты	
№		мерзімі	нысаны		мемлекеттік орган	
1	2	3	4	5	6	7
1.	құзыреттері н , функциялары мен өкілеттіктері н заңнамалық деңгейде артық (шамадан ты с) нақтыламай , жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығын мемлекеттік органдарға беру	2022 жылғы мамыр	Конституциялық Кеңеске өтініш	жүктелген міндеттерді артық (шамадан ты с) нақтыламай іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығын беру	Әділетмині (Қ.С. Мусин), тиісті мемлекеттік органдар белгіленген тәртіппен	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №358 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - 358-Қағидалар) Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары на сәйкес есеп нысаны
2.	өзекті сын-қатерлерге, форс-мажорлық мән-жайларға және дағдарыстық жағдайларға жедел ден қою үшін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығын мемлекеттік органдарға беруді, сондай-ақ нормативтік	2022 жылғы қараша 2022 жылғы желтоқсан	Заң заңға тәуелді НҚА	өзекті сын-қатерлерге, форс-мажорлық жағдайларға және дағдарыстық жағдайларға ден қоюдың	Әділетмині (Қ.С. Мусин), СЖРА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), БП (келісу бойынша)	358 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны

	құқықтық актілерді, оның ішінде мемлекеттік тіркеусіз қабылдаудың ерекше тәртібін енгізу			ерекше тәртібі		
3.	Мерзімдер мен кезеңдерді екі есеге жалпы қысқарта отырып, бюджет және норма шығармашылық процестеріне кешенді реинжиниринг жүргізу	2022 жылғы қараша	Заң (Бюджет кодексіне және "Нормативтік құқықтық актілер" туралы және басқа заңдарға түзетулер)	бюджет және норма түзушілік процестерінің жалпы мерзімдері мен процестерін екі есеге қысқарту	ҰЭМ (Ө.С. Қуантыров), Қаржымині, ЦДИАӨМ, СЖРА (келісу бойынша), "Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" ШЖҚ РМК	3 5 8 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
4.	Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда цифрлық трансформацияны және бизнес-процестердің реинжинирингін үйлестіруге, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінің интеграциясы мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға	2022 жылғы мамыр	Үкімет қаулысы	ЦДИАӨМ-ге тиісті өкілеттіктер беру	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин),	-

	жауапты болып айқындау				ҰЭМ, Әділетмині	
5.	Мемлекеттік органдардың ішкі және ведомствоаралық өзара іс-қимылы шеңберінде тиісті мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған ақпаратты мәліметтердің анықтығын, теңтүпнұсқалығын және өзектілігін қосымша растаусыз пайдалану қажеттілігі айқындау	2022 жылғы 14 маусымға дейін	ЦДИАӨМ бұйрығы	бірыңғай есептіліктің тізілімі	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ҰЭМ, Әділетмині, СЖРА (келісу бойынша) және белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдар	-
6.	Мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтердің анықтығы мен өзектілігі үшін және анық емес мәліметтерді пайдалануға байланысты шығасылар үшін толық жауапкершілік тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына жүктеу	2022 жылғы қазан	Заң	мәліметтердің анықтығы мен өзектілігі	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ҰЭМ, Әділетмині, СЖРА (келісім бойынша) және белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдар	-

7.	<p>"Smart Data Ukimet" мемлекеттік ақпараттық-та лдамалық жүйесінің базасындағы және өзге де мемлекеттік ақпараттанды р у объектілерінд егі есептер м е н көрсеткіштер дің барлық түрлерін (салалық деректер) жүйелеу</p>	2022 жылғы 30 желтоқсан	<p>"Smart Data Ukimet" мемлекеттік ақпараттық-та лдамалық жүйесі және өзге де мемлекеттік ақпараттанды ру объектілері базасында Президент Әкімшілігі мен Үкіметтің барлық есептерін цифрландыру</p>	есептер мен көрсеткіштер дің (салалық деректер) барлық түрлерін жүйелеу	<p>ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), О А О , Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының ж ә н е облыстардың әкімдіктері (Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшылары), СЖРА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), СЖҚА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), БП (келісу бойынша)</p>	3 5 8 - Кағидаларға сәйкес есеп нысаны
8.	<p>Мемлекеттік органдардың "Smart Data Ukimet" мемлекеттік ақпараттық-та лдамалық жүйесіндегі және өзге де мемлекеттік ақпараттанды р у</p>		<p>Үкімет қаулысы (есептілік тізілімімен жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ,</p>	артық құжат айналымын азайту, "Smart Data Ukimet"	<p>ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), СЖРА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), СЖҚД (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), ОСК (келісу</p>	-

	объектілеріндегі қолжетімді мәліметтерді сұратуына және беруіне, сондай-ақ осындай сұрау салуларға жауап беруіне тыйым салу	2022 жылғы 30 маусымға дейін	бірегей сұрану салулармен жұмыс істеу тәртібі)	жұмысына көшу	бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), МКҚ (келісу бойынша), Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері, белгіленген тәртіпке сәйкес мүдделі мемлекеттік органдар	
9.	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарларының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі басшылығының қолданыстағы бақылаудағы тапсырмаларына қосарлануы және өзектілігі тұрғысынан жаппай ревизия жүргізу	2022 жылғы 14 маусымға дейін	ПӘ Жалпы бөліміне талдамалық акпарат	Тапсырмалар санын оңтайландыру және қосымша тапсырмаларды барынша азайту	ПМК (Жәкенов А.С. -)	
					ОАО (орталық және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшылары), СЖРА (келісу бойынша),	белгіленген мерзімдерде мына сайттарда орналастыру: -Үкіметтің Үкімет

10.	<p>Үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың санын екі есе қысқартуды қамтамасыз ету</p>	2022 жылғы 14 маусымға дейін	<p>Үкімет қаулысы, мемлекеттік органдардың бұйрықтары, жергілікті атқарушы органдардың актілері</p>	санын екі есе қысқарту	<p>МҚІА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), СЖҚА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша) Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері</p>	<p>жанындағы консультативтік- кеңесші органдардың тізілімі: - орталық және жергілікті атқарушы органдардың орталық және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың тізілімі</p>
11.	<p>азаматтар мен бизнес неғұрлым талап ететін өмірлік және іскерлік жағдайларды қосып, олардың реинжинирингі мен автоматтандырылуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін қалыптастыру тәсілдерін қайта қарау</p>	2022 жылғы 14 маусымға дейін	ЦДИАӨМ бұйрығы	мемлекеттік көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту, сондай-ақ оларды стандарттау	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ОАО (бірінші басшылар)	-
12.	<p>азаматтармен коммуникация және ведомствоаралық жедел өзара іс-қимыл жасау мақсатында ашық кеңестер</p>		Үкімет қаулысы	азаматтармен, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен және	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), Қаржымині, Әділетмині, ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша),	-

	<p>өткізу үшін қолжетімді онлайн-сервистерді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету</p>	<p>2022 жылғы 14 маусымға дейін</p>		<p>басқалармен коммуникация жасау процесстерін оңайлату</p>	<p>МҚІА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша)</p>	
	<p>Үкімет Регламентін және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қайта қарау, оның ішінде: заңнамалық актілерді, Президенттің актілерін, сондай-ақ құпиялылық грифі және " қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттарды қоспағанда, құжаттарды қағаз түрінде енгізудің, оларға виза қоюдың және әр парағына қол қоюдың күші жойылуын; егер нормативтік құқықтық актілердің жобалары, Парламент депутаттарының түзетулеріне және олар бастамашылық жасаған заң жобаларына және келісуді талап ететін</p>					

өзге де құжаттарға
Үкіметтің қорытындыла
ры бойынша жауап
белгіленген мерзімде
ұсынылмаса, оларды "

бастапқы бойынша келісу"
тәртібінің енгізілуін;
ескертулері б а р
нормативтік құқықтық
актілердің жобаларын
Премьер-Министр
Кеңсесіне енгізуге
тыйым салудың күші
жойылуын;
нормативтік құқықтық
актілердің жобаларын
келісу және олар бойынша
Премьер-Министр немесе
оның орынбасарлар
ы деңгейінде мәселенің
мәні бойынша нақты
шешімдер қабылдау
кезінде мемлекеттік
органдар арасындағы
келіспеушілік терді бес
жұмыс күні ішінде
қараудың міндеттілігін;

Үкіметтің және басқа да мемлекеттік органдардың айрықша құзыретіне жататын қызметтің ағымдағы мәселелері бойынша құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың мүдделі мемлекеттік органдармен алдын ала пысықтамай, мәселені мәні бойынша шешуді талап ететін ұсыныстарын Президент Әкімшілігіне енгізуге тыйым салудың енгізілуін; Президенттің, Премьер-Министрдің, Мемлекеттік хатшының, Президент Әкімшілігі Басшысының және Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының тікелей тапсырмаларына қоспағанда, орындалу мерзімі екі жұмыс күнінен аз сұрау салулар мен тапсырмаларға

13.	<p>а тыйым салудың енгізілуін; Премьер-Министр Кеңесінде құжаттарды қарау мерзімдерінің екі есеге қысқартылуын; актілердің жобаларын және кеңестердің хаттамаларын, сұрау салулар мен тапсырмаларды қарау құзыретіне тікелей кірмейтін мемлекеттік органдарға оларды жіберуге, осындай құжаттарды қараусыз қайтару мүмкіндігін бере отырып, тыйым салудың енгізілуін; мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы құжаттарға қол қою, сондай-ақ ведомствоаралық кеңестерге қатысу және онда</p>	2022 жылғы 14 маусымға дейін	Үкімет қаулысы	артық және ескі процестер мен рәсімдерді жою	ПМК (А.С. Жәкенов)	-
-----	--	------------------------------	----------------	--	--------------------	---

мемлекеттік
органның
ұстанымын
білдіру
құқығын
мемлекеттік
органдардың
құрылымдық
бөлімшелеріні
ң жекелеген
басшыларына
б е р у
мүмкіндігін;
мемлекеттік
органдардың
бірінші
басшыларыны
ң жетекшілік
ететін
орынбасарлар
ына бірінші
басшылардың
шешімі
бойынша
нормативтік
құқықтық
актілердің
жобаларын
келісу құқығы
берілуін;
мемлекеттік
органның
бірінші
басшысының
міндетін
атқарушының
қолымен
бұдан бұрын
енгізілген
хат-хабарға
мемлекеттік
органның
бірінші
басшысының
қайтадан қол
қоюы және
Премьер-Мин
и с т р
Кеңсесіне
енгізу
жөніндегі
талаптың
ал ы п
тасталуын;

орталық мемлекеттік органның жаңа бірінші басшысының тағайындалуы н а байланысты нормативтік құқықтық актінің жобасын қайта келісуге т ы й ы м салудың енгізілуін; биліктің заң шығару және с о т тармақтары органдарымен , Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшігімен хат алмасуды, сондай-ақ Ұлттық архив қорына жататын құжаттарды қоспағанда, қызметтік электрондық поштаның орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін коммуникаци я мен ақпарат алмасудың ресми құралы ретінде пайдаланылу ын; Үкімет отырыстары мен Үкімет жанындағы консультатив тік-кеңесші органдар отырыстарын

	<p>ын, сондай-ак Премьер-Мин истрдің орынбасарлар ы мен Премьер-Мин истр Кеңесі басшылығын ы н басқаруымен өткен кеңестердің хаттамаларын қатысқан мемлекеттік органдармен келісу қажеттілігін жоя отырып, оларға қол қ о ю мерзімінің үш күнге дейін қысқартылуы н қамтамасыз ете отырып, қайта қарасын ;</p>					
14.	<p>мемлекеттік ақпараттанды р у объектілерінд е қамтылған азаматтар мен з а н д ы тұлғалар туралы мәліметтерді түзетудің оңайлатылған тетігін қамтамасыз ету</p>	<p>2022 жылғы желтоқсан</p>	<p>азаматтар мен з а н д ы тұлғаларға арналған сервис</p>	<p>"электрондық үкімет" порталында азаматтар мен з а н д ы тұлғалар туралы мәліметтерді түзету сервисі</p>	<p>ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ОМО, СЖРА (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша)</p>	<p>3 5 8 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны</p>
15.	<p>к е н с е қағазына және онымен байланысты тауарларға арналған бюджет шығыстарын үш есеге</p>	<p>2022 жылғы 14 маусымға дейін</p>	<p>мемлекеттік органдардың бұйрықтары</p>	<p>бюджеттік шығыстарын үш есеге қысқарту</p>	<p>Қаржымині (М . Е . Сұлтанғазиев) , ОМО, МҚІА (келісу бойынша), Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының</p>	<p>-</p>

	қысқартуды қамтамасыз ету				және облыстардың әкімдіктері	
16.	сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттардың тізбесін оңтайландыру	2022 жылғы қыркүйек	М С М бұйрығы	құжаттардың барлық түрлерін және оларды сақтау мерзімін оңтайландыру	МСМ (Д.Ә. Абаев), ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин) және белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдар	ПӨ мен ПМК өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы
17.	мемлекеттік ақпараттандыру объектілерін құру және (немесе) дамыту мерзімінің алты айға дейін қысқартылуын қамтамасыз ету	2022 жылғы караша 2022 жылғы желтоқсан	Заң Заңға тәуелді актілер	цифрлық сервистерді құрудың ерекше тәртібі	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), Каржымині Әділетмині. ҰЭМ, СЖРА (келісу бойынша)	358 - қағидаларға сәйкес есеп нысаны
18.	кеңестерді белгілеу мен өткізудің негіздерін нақты регламенттеу бойынша, оның ішінде барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін кеңестерді жоспарлау мен жүйелеу жөнінде бірыңғай цифрлық шешімді енгізуді, сондай-ақ кеңестерді	2022 жылғы 30 мамыр 2022 жылғы 30 желтоқсан	Үкімет қаулысы "Орталықтандырылған жұмыс орны" ақпараттық жүйесінде "Кеңестер кестесі" модулі	цифрлық сервистерді өндіру	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ОАО, МҚІА (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	358 - Қағидаларға

	бейнеконференцбайланыс және колжетімді онлайн-сервистер арқылы өткізудің басымдығын қамтамасыз ету					сәйкес есеп нысаны
19.	нормативтік құқықтық актілер жобаларының "Ашық НҚА" интернет-порталында орналастырылғаны туралы хабарламаларды Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, және кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне, қоғамдық кеңестерге жіберу рәсімінің автоматтандырылуын қамтамасыз ету	2022 жылғы 30 желтоқсан	рәсімді автоматтандыруды қамтамасыз ету үшін "Ашық НҚА" порталында түрлендіру жүргізу	"Ашық НҚА" порталында хабарламаларды автоматты түрде жолдау функциясын құру	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин)	358 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
	орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың жұмысы тиімділігінің көрсеткіштері ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық даму жоспарының Стратегиялық					

20.	көрсеткіштер картасында бекітілген декомпозицияланған индикаторларды пайдаланып отырып, олардың Президент Әкімшілігімен және Үкіметпен жасалатын меморандумдарының институтын, сондай-ақ Премьер-Министр мен Президент арасында меморандумдар жасасу практикасын жойсын	2022 жылғы қараша	Заң	меморандумдар жасасу практикасын тоқтату	ҰЭМ (Ә.С. Қуантыров), СЖРА (келісу бойынша), Әділетмині, ОМО, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	-
21.	орталық мемлекеттік органдардың саяси қызметшілері және "А" корпусының әкімшілік қызметшілері мен мемлекеттік ақпараттық рұ objectілерімен қашықтан жұмыс істеуге арналған құрылғылармен қамтамасыз ету	2022 жылғы қараша	Бұлтты сервистерге қосылған орталық мемлекеттік органдардың саяси қызметшілері мен "А" корпусының әкімшілік қызметшілері мен қашықтан жұмыс істеуге арналған құрылғылармен қамтамасыз ету	мемлекеттік органдар басшыларының жеделдігі мен мобильдігі	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), Қаржымині, ОМО, ГПБ (келісу бойынша), МҚІА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	358 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
	"Е-қызмет" ақпараттық жүйесінің базасында мемлекеттік қызметке іріктеу және				МҚІА (Д.М. Жазықбаев, келісу бойынша), ОМО, ҚНРДА (келісу бойынша),	

22.	кабылдау процесін толықтай цифрландыруды, сондай-ақ оны барлық мемлекеттік органдарда енгізуді және кеңінен таратуды қамтамасыз ету	2023 жылғы қыркүйек	барлық мемлекеттік органдарда жаңғыртылған "Е-қызмет" БІАЖ енгізу	цифрлық форматта іріктеу және қабылдау	ОСК (келісу бойынша), СЖРА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша) ЕК (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері	3 5 8 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
23.	мемлекеттік аппараттың бір құжат жобасымен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі беріле отырып, қызметтік хат-хабардың етуін оңтайландыру, тапсырмалардың қосарлануын болдырмау, құжат айналымы бойынша талдамалық есептерді жедел қалыптастыру бойынша цифрлық шешімдері бар бірыңғай орталықтандырылған бұлтты құжат айналымына көшуін қамтамасыз ету	2023 жылғы қыркүйек	Бірыңғай орталықтандырылған бұлттық құжат айналымын ендіру	бірыңғай орталықтандырылған бұлтты құжат айналымы бойынша ақпараттық жүйені өндірістік пайдалануға енгізу және барлық мемлекеттік органдарды қосу	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), ОМО, МҚІА (келісу бойынша), СЖРА (келісу бойынша), ҚМА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), СЖҚА (келісу бойынша), БҚДА (келісу бойынша), КНРДА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), МКҚ (келісу бойынша), ОСК (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), ЖСК (келісу бойынша), Парламент Мәжілісі мен Сенатының аппараттары, АҚЖУ, облыстар, Астана, Алматы, Шымкент	3 5 8 - Қағидаларға

					қалаларының әкімдіктері	сәйкес есеп нысаны
24.	"қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар құжаттардың электрондық форматқа көшірілуін қамтамасыз ету	2023 жылғы 29 желтоқсан	ПӘ-ге ақпарат	мемлекеттік органдар арасында электронды форматта ақпарат алмасу	МСМ (А.Р. Оралов). ЦДИАӨМ, ҰҚК (келісу бойынша), ГПБ (келісу бойынша), "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша)	ПӘ, ҰА өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы
25.	"Е-заңнама" ақпараттық жүйесінің заң шығару процесі модулінің өнеркәсіптік пайдалануға енгізілуін қамтамасыз ету	2023 жылғы қыркүйек	"Е-заңнама" ақпараттық жүйесінің заң шығару процесі модулін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу"	процестерді автоматтандыру, өтпелі бақылау, барлық кезендердің ашықтығы, үлкен мәліметтерді талдау	Әділетмині (А.Н. Ескараев), ЦДИАӨМ, Қаржымині, ОМО, АҚ "ҰАТ" (келісу бойынша)	358 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
26.	орталық мемлекеттік органдардың бірыңғай бухгалтерлік есепке алу ақпараттық жүйесінің енгізілуін қамтамасыз ету	2023 жылғы қыркүйек	сервис	ОАО бірыңғай бухгалтерлік есеп алу ақпараттық жүйесі	Қаржымині (Э.Ш. Қазғанбаев), ЦДИАӨМ, "ҰАТ" АҚ (келісу бойынша)	358 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
27.	жеке және заңды тұлғалар жолданымдарының барлық түрлерін қабылдау үшін "бір терезе" ретінде институцияландыруды қамтамасыз ету	2022 жылғы желтоқсан	Заң	азаматтармен, бұқаралық ақпарат құралдарының, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен және басқалармен коммуникация жасау құралдарын бірегейлендіру	ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), БП (келісу бойынша), Әділетмині, МСМ, ОМО, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	-
	мемлекеттік қызметшілер арасында					

28.	<p>мемлекеттік аппарат қызметін жетілдіру жөніндегі үздік жобаға арналған конкурсты жыл сайын өткізуді қамтамасыз ету</p>	<p>жыл сайын, 30 маусымға дейін</p>	<p>ПӘ-ге ақпарат</p>	<p>мемлекеттік қызметшілерді жұмыс процесіне жетілдіретін өзгерістерге ынталандыру</p>	<p>МҚІА (Д.М. Жазықбаев, келісу бойынша), ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин)</p>	-
29.	<p>мемлекеттік қызметтің жай-күйін мониторингтеу және мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын қоғамдық мониторингтеу рәсімдері шеңберінде жыл сайын бюрократиядағы арылту жөніндегі сұрау салу жүргізуді қамтамасыз ету</p>	<p>жыл сайын, 1 5 желтоқсанға дейін</p>	<p>ПӘ-ге ақпарат</p>	<p>2022 жылғы тамыз, МҚІА бұйрығы</p>	<p>МҚІА (Д.М. Жазықбаев, келісу бойынша), ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин)</p>	-
30.	<p>мемлекеттік органдарды бюрократиядағы арылту және олардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды жинау үшін тұрақты жұмыс істейтін онлайн-ресурсты іске қосуды қамтамасыз ету</p>	<p>2022 жылғы қазан</p>	<p>ұсыныстар жинауға арналған онлайн-ресурсты іске қосу</p>	<p>процестер мен рәсімдерді жетілдіру бойынша мазмұнды ұсыныстар жинауға арналған онлайн-ресурс</p>	<p>ЦДИАӨМ (Б.Б. Мусин), МҚІА (келісу бойынша), СЖРА (келісу бойынша)</p>	<p>3 5 8 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны</p>
					<p>СЖРА (Ә.А.Ергалиев,</p>	

31.	онлайн-ресурсқа түсетін ұсыныстарға тұрақты негізде талдау жүргізу	жыл сайын, жарты жылғы қорытынды бойынша - 20 шілдеге дейін, 20 қаңтарға дейін	ПӘ-ге ақпарат	мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жүйелі түрде бюрократиядан арылту	келісу бойынша), МҚІА (Д.М. Жазықбаев, келісу бойынша), ЦДИАӨМ	-
32.	заңнамалық актілерге нормалардың заңнамалық жағынан артық (шамадан тыс) регламенттелуі тұрғысынан ревизия жүргізсін, оларды Үкімет немесе мемлекеттік органдар жеделділік мақсатында заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде айқындау	2022 жылғы қыркүйек 2022 жылғы желтоқсан	Заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу Заң	жүктелген міндеттерді артық (шамадан тыс) нақтыламай іске асыру мақсатында нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құқығын беру	Әділетмині (Қ.С. Мусин), белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдар	3 5 8 - Қағидаларға сәйкес есеп нысаны
33.	мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторингпен талдауды, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеп, сондай-ақ олардың нәтижелерін жартыжылдық негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне	2022 жылғы маусым жыл сайын, жарты жылғы қорытынды бойынша - 20 шілдеге дейін, 20 қаңтарға дейін	Жарлық ПӘ-ге ақпарат	бюрократиядан арылту функцияларын жүйелеу	МҚІА (Д.М. Жазықбаев, келісу бойынша)	-

енгізе отырып
, қамтамасыз
ету

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚЖУ	Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
Әділетмині	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
БП	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
БҚДА	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
ЕК	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
ЖС	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
ЖСК	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі
Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚМА	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
МҚІА	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МСМ	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
МКҚ	Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзет қызметі
ОАО	Орталық атқарушы органдар
ОМО	Орталық мемлекеттік органдар
ОСК	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы
ПӘ	Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі
ПМК	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі
ПШ	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
СЖРА	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
СЖҚА	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимал агенттігі
"ҰАТ" АҚ	"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы
ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰҚК	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҰЭМ	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" ШЖҚРМК	"Цифрлық үкіметті қолдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
ҰА	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты
ЭТРМ	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК